шықты деп нақты айту асығыстық болатындығы аян мәселе. Сондықтан, Бизнесінің салалық тұрғыдан ғылыми-технологиялық сұранысымен отандық және шетелдік білім мен ғылым саласының әлеуетін ұштастыра отырып Мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты жүзеге асыруды толықтай жауапты құзыретті арнайы органға жүктелуі дұрыс шешім деп мен де сенемін. Ал жұмысты үйлестіру мен салалық мақсатты жоғары нәтижеге қол жеткізу сол бизнес пен мемлекеттің ғылыми-технологиялық саясатына жауапты мекеменің жауапкершілікті және тиімді механизмдерді бірлесе жасақтап жүзеге асыруларына тікелей байланысты болмақ.

Осылайша Мемлекет басшысы ретінде Қ. Тоқаевтың саяси ерік-жігер танытып, еліміздің ғылыми-технологиялық саяса-

тын Бизнес пен Үкімет арасындағы практикадағы алшақтықты жақындатуға және оны синхрондау арқылы мемлекеттің нақты мүдделі мақсатына жұмылдыруы Халықты еститін Үкімет моделін жасаудағы Білім, Ғылым және Бизнес үшін маңызды қадам болды. Ол тек ресми рәсімделіп айтылған ғана мәселе емес деп ойлаймын. Себебі бұл тапсырма, еліміздің ғылыми-технологиялық әлеуетін индустрияны сапалық тұрғыдан Бизнес пен Білім-Ғылым саласының бірлесе отырып келесі деңгейге көтерудің жүгін жүктеген ауқымды тапсырма екендігін бүкіл ел дұрыс түсінді. Нәтижесінде бұл

бағыттағы жұмыстар жаңа қарқынмен ғылыми-техникалық субъектілерді бәсекелестік шартында мақсатты қаржыландырып, кәсіпорындарды технологиялық модернизациялауға қол жеткізуге, сол арқылы қосымша салықтық салмағы жоғары өнім өндіруге және адамдардың еңбек өнімділігін айтарлықтай деңгейде жүйелі түрде арттыратындығы сөзсіз. Нәтижесінде, бұл жұмыстардың барлығы Индустриалды дамыған, ақылды экономикасы бар Жаңа Қазақстанды қуаттандыруға бағытталған.

Х. ТАСИБЕКОВ,
химия және химиялық технология
факультетінің деканы,
ҚазҰЖҒА корреспондент-мүшесі



■ ДӘМЕГҮЛ БАЯЛИЕВА – 70 ЖАС

Ақ тілеулі әже ұстаз



Журналистика факультетінде ғасырға жуық уақыт аясында сол киелі шаңырақтың іргетасы болып қаланып, уығы болып шаншылып, керегесі болып керіліп, бауы болып байланып, тарихына айналып қолтаңбасын қалдырған қаншама ұстаз бар. Солардың бірі – осыдан 51 жыл бұрын талапкер боп келіп табалдырығынан аттап, бар саналы ғұмырын арнап, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған журфактың ақ маңдайлы ардагері Дәмегул Сердалықызы Баялиева.

43 жыл. Бұл – бір ғұмыр, бір тарих. Ал сол бір ғұмыр сол киелі шаңырақта ұстаздық етіп, қаншама тағдырды тәрбиелеп ұясынан ұшырды. Дәмегул апай дәріс оқып, ғылымға баулып, өмірлік тәлім берген талай шәкірт қырандай самғап, туған елдің түкпір-түкпірінде қалықтап қанат қағуда.

«Әрқайсысының өз орны бар. «Ана тілі» газетінің бас редакторы Жанарбек Әшімжан, Әлем тілдері және іскерлік мансап халықаралық университетіндегі журналистика кафедрасының меңгерушісі Орынтай Ошанова... Бірқатарын атап, бірталайының атын айтпай кетсем жүректері ауырып қалар, бәрінің де аудиторияда алдымда отырған балғын бейнелері көз алдымда, енді міне, елді аузына қаратып, төртінші биліктің тізгінін ұстаған бірдей азаматтар, айналайындар, аман болсын!» деп тебіренеді Дәмегул апай.

Иә, дәл осылай әр шәкірттің көңілінің қыл пернесін басып, әрқайсысының өн бойындағы талантының көзін ашып, олардың келешегін алыстан шолып, әрдайым жақсылыққа бағыттап, ізгілікке баулыған Дәмегул Сердалықызының қоңыр жұмсақ үні құлағымызда, ал ақ тілеулі әжеге ұқсаған мейірбан бейнесі көз алдымызда. Дәмегул апайдың зейнеткерлік демалысқа шығып, журфак

аудиториясына дәріс оқымағанына да он жыл уақыт өтіпті. Демек, үшінші рет қабылданған студенттер үшінші курс оқиды. Алдыңғы екі рет қабылданғандар бітіріп кетті. Міне, олар біздің қазақ көсемсөзшілеріне сапалы білім мен саналы тәрбие беретін киелі білім ордасында осындай ақ тілеулі әже ұстаздың сабақ бергенін бірі білсе, бірі білмейді. Ал ардагер ұстазды таныстырып, ол кісінің ерекше тәлімгерлік қасиеттері мен білім берудегі дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырған ұтымды әдістерін тілге тиек етіп баяндау, тіпті, өзіміз сол кісіден үйреніп, дәріскерлік тәжірибемізде тиімді пайдаланып жүрген амал-тәсілдерін тәрбие сағаттарында арнайы сөз ету – кәсіби борыш, шәкірттік парыз.

Дәмегул апай бізді 1983 жылы талапкерлік құжатымызбен қабылдап алған, сондықтан да әлі күнге көзімізге оттай басылатын, айрықша ыстық көрінетін туған адамымыздай болып

кеткен кісі. Біздің әрбір жақсылығымызды жарқыратып айтып, өзі соған шын жүректен қуанып жүретінін қайтерсің...

Кейін Дәмегул апайдың өкшесін басып, факультетке сабақ беруге келдім. Ұшан-теңіздей көптеген ұлағат үйрендім. Сол үшін ізгі педагогті «Шамшырақ апай» деп атадым. Бір кездері Дәмегул апай ақ кимешек киіп, «Наурыз» мейрамында шашу шашты. Сол сәтте мен ақ кимешегі ақ дидарына жарасып, ақ ниетімен астасқан апайды ақ тілеулі әже ұстазға ұқсаттым. Дәмегул апайдың «Газеттің тілі мен стилі» деген пәні бір төбе, қалған басқа пәндері бір төбе еді. «Газеттің тілі мен стилі» апайдың өзімен бірге туылғандай төл пәні болып елестейтін маған. Эдвайзерлік тобымның студенттері сол пәнді таңдауын қадағалап, шырылдап жүретінімін. Апайдан сол пәнді оқып, өткір тілді, озық ойлы журналист болып шыққан Нұрболат Аманжолов, Бану Әділжанова, Торғын Тұрлыбаева сынды факультет түлектерін мақтан тұтамыз.

Дәмегул апайдың болмысындағы бір ғажап қасиет – жер қозғалса қозғалмайтын бірқалыпты, ашық-жарқын, сабырлы да салмақты жібектей биязы мінезі, әр сөзін байқап сөйлеп, байсалдылықпен тіл қататын орнықтылығы, қандай төтенше жағдай туындаса да байыппен, аспай-саспай рет-ретімен тындыратындығы. Осынау таңғажайып көркем мінездің иесі – талай-талай талантты тұлғаларды тәрбиелеген қазақ білімінің қара шаңырағындағы дәріскерлік кәсіптің көзі тірі киесі іспетті.

Иә, Дәмегул апай – бір әулеттің аяулы перзенті, бірнеше ұстаздың сүйікті шәкірті. Осындай орнықты да ойлы ұстазды өмірге әкеліп, әлпештеп өсірген қандай ата-ана, білім беріп, тәрбиелеген қандай ұстаздар? «Шайымкүл әже қолы берекелі, дастарханы мол, пейілі қазақтың

дархан даласындай кең, өмірінде қабағын шытып көрмеген кісі еді. 1986 жылы ол кісі құптан намазын оқып жатқанда 82 жасында дүниеден озды. Ал анам Сейітжамал өткір, қолы шебер, өте ұқыпты адам еді. Екеуі де еңбекқор болатын. Әкем Сердалы 53 жасында қайтыс болған кезде мен небәрі үш жаста екенмін. Ол кісінің келбеті еміс-еміс қана есімде. Сол екі бірдей ана мені қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, ешкімнен кем етпей ел қатарлы өсірді. Екеуіне де өмір бойы қарыздармын. Ал менің нағыз ұстаздарым – еңбек жолына баулып, қызметке қабылдап, дәріскерлікке үйреткен Қайыржан Бекхожин, Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Әбілфайыз Ыдырысов ағайлар. Журналистика факультеті үшін намысты қолдан бермеуді, факультет студенттерін қажет жерде қорғауды, аямайтын жерде темірдей тәртіпке сүйеніп қатал болуды сол кісілерден үйрендік».

Баялиева апайдың басты қағидасы бойынша: «Ұстаздың міндеті, парызы, борышы – адам қалыптастыру, шынайы, адал, ізгі тұлға тәрбиелеу. Ақпарат майданының жауынгерлері ғана тазалықты, ізгілікті, әділдікті іздейді, тіпті, сол үшін құрбандыққа барады. Өйткені, журналистер сол ізгілікті, адалдықты, шынайылықты ту етіп ұстап дәріптейтін қоғамға жарық түсіретін, сәуле шашатын шоғрақшылар».

Ендеше, қазақ журналистикасының қара шаңырағында еңбек ететін ұстаздар да, білім алатын шәкірттер де Дәмегул апайдай ақ тілеулі әже ұстаздан өнеге алып, ізгіліктің інжу-маржанын теріп, қазақ еліне қастерлеп, ұсынып жүрсе екен!

Жидегүл ӘБДІЖӘДІЛҚЫЗЫ,
фил. ғ. к., журналистика
факультетінің доценті

Жапнай ашық онлайн курстар (МООС) – электрондық оқыту білім беру маршруттарын дараландыруға және виртуалды академиялық ұтқырлықты қолдау саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. МООС бүкіл топпен де, жекелеген ынталы және дарынды студенттермен де тақырыпты терең зерттеуге, оқу пәндерінің мазмұнын кеңейтуге, тереңдетуге өте қолайлы.

Бүгінгі таңда МООС-қа жүгіну пәннің жеке бөлімдерін егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы оқытушылары дәстүрлі оқыту әдісімен қатар Coursera порталындағы бірнеше онлайн курстарды тақырыпқа сәйкестік деңгейіне қарай қолдану тәжірибесін қолға алған еді. Мәселен «Scientific writing» пәні бойынша ЖАОК «Project: Writing a Research Paper», «Grammar in Use / Normative Grammar of FL in practice» пәнін бойынша ЖАОК «Learn English: Intermediate Grammar», «English for Academic Purposes» пәні бойынша ЖАОК «Writing in English at University» оқу үдерісіне интеграциялау тәжірибесін қолданып отыр. Осы мамандық бойынша алынған дағдылар олардың кәсіби шеберлігіне септігін тигізеді деген ойдамыз.

Осы пәндер бойынша оқытылатын жаппай ашық онлайн курстар студенттерге кәсіби салада жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Олар академиялық зерттеулер жүргізуге және өз идеяларын академиялық форматта нақты жеткізуге үйренеді. Курс соңында дипломдық жоба дайындап, ол жобада осы курстарда алынған барлық білімін таңдалған тақырып бойынша аяқталған зерттеу жұмысын дайындайды. Студенттің өзіндік жұмысын құрылымды, жүйелі және

басқарылатын етеді, бұл студенттермен жұмыс кезінде маңызды өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттерін қалыптастырады.

Жапнай ашық онлайн курстардың артықшылығы сертификат алу үшін практикалық жобаны сәтті аяқтау болып табылады. Бұл студенттердің зерттеу әрекеттерін ұйымдастыруы бойынша жұмыс құралы бола алады. Студенттер – өзіңіз таңдаған академиялық тақырыбы

МООС ПӘНДЕРІН ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

бойынша зерттеу жүргізеді, әдебиеттерді саралауға мүмкіндік беретін қысқартылған, аннотациялық библиография жасайды, зерттеудің ғылыми-тұжырымдамалық құрылымын: проблеманы, міндеттерді, мақсаттарды, объектіні, пәнді, гипотезаны, әдіснамалық негізді, жетекші идеяны, зерттеу әдістерін, зерттеу жаңашылдығын, теориялық және практикалық тұрғыдан анықтап, дұрыс тұжырым жасай алады.

Алайда жаппай ашық онлайн курстарда студенттердің уақытын жоспарлау кейде қолайлы бола бермейді. Көптеген курстарда уақыт шектеулі болғандықтан, кейбір материалдарға қол жетімділік (аралық тесттер) тек белгілі бір мерзімге беріледі, содан кейін олармен жұмыс істеу мүмкін болмайды.

Кез келген тәжірибенің пайдалы, қажетті, өмірлік сабағы барын ескерсек, МООС-пен жұмыс істей білу, оны өз еңбегіне қарай тиімді пайдалану, сөзсіз, үлкен маңызы бар тәжірибе болатыны белгілі.


А. ЖАПАРОВА, PhD доктор,
И. АЗИМБАЕВА,
аға оқытушы,
Шетел филологиясы және
аударма ісі кафедрасы

Жалғасы. Басы 1-бетте

Осыған байланысты Қазақстанның жер-жерінде, әр облысында аталмыш мереке кең көлемде аталып өтіледі. Мысалы, бір мекеме қызметкерлері сенбілік ұйымдастырса, екінші біреуі дөңгелек үстел, ал енді біреулері тілге қатысты конкурс ұйымдастырып, осындай сипатта атап өтіп жатады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы бірнеше жыл қатарынан бұл мерекені тойлауды назардан тыс қалдырған емес. Жыл сайын «Тіл – мемлекет тірегі», «Тіл – татулық тірегі», «22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күні» т.б. осындай тақырыпта мәдени диалог түрінде дөңгелек үстел, кураторлық сағат, жиналыс форматтарында айтулы мерекені атап өтуді дәстүрге айналдырған. Біздің факультетте негізінен шетелден келген азаматтар білім алады. Аталмыш шара қазақ тілінің бүгінгі мен болашағы және әр тілдің бірегейлігі мен өзгешелігін ашуға бағытталған. Сонымен қатар мұндай шаралардың мақсаты факультетте білім

ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ



алатын шетелдіктерді Қазақстанда аталып өтілетін мерекелермен таныстыру және де мемлекеттік тіл мәртебесін ұғындыру, өзге ұлттар тілінің де құндылығының жоғары екендігін түсіндіру, Қазақстанның тілін, тарихын және мәдениетін құрметтеуге үйрету. Себебі Қазақстанда әртүрлі диаспора өкілдері тұрады. Дегенмен де Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлт өкілдерінің мемлекеттік тіл – қазақ тілін

білуі керектігі басты міндет екендігі де айтылып отырады.

Жыл сайын дәстүрлі түрде шетелдік тыңдаушыларға арналған «Тілдер» мерекесі қарсаңында өтетін аталмыш шарада мемлекеттік тіл туралы оралымды ой тасталып, тұшымды пікірлер айтылады.

Міне, осындай тақырыпта өтетін тәрбиелік іс-шаралар арқылы кафедра

мүшелері шетелдік тыңдаушыларды Қазақстан Республикасының мерекелік күндерімен, тілімен, тұрмыс-тіршілігімен, мемлекеттің саяси бағытымен, дәстүрлерімен таныстырып, тақырыпқа байланысты деректерге қысқаша тоқталып, техниканың көмегіне жүгіне отырып, бейнематриалдар көрсету арқылы осындай жиында айтылған ой-пікірлерді қорытындылайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан тек экономика саласында ғана емес, сонымен қоса білім, ғылым және мәдениет салаларында да айтулы жетістіктерге жетіп жатқандығы, біріншіден, тәуелсіздігіміздің арқасында.

Осындай мемлекеттік тілді дәріптейтін «Тілдер» мерекесі, сонымен қоса алаш азаматы, баға жетпес ғалым А. Байтұрсынұлының туған күні құтты болсын!

Елдігіміз бен туған тіліміз мәңгі жасай берсін!

**М. ЕШИМОВ, филол. ғ. к.,
С. НҰРТІЛЕУОВА,
аға оқытушы,**

шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы

С 1998-го года в Казахстане отмечается поистине всенародный праздник – День языков народа Казахстана. На кафедре языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби этот праздник чтят особо, отмечая различными тематическими мероприятиями.

В заглавие статьи неслучайно вынесены слова классика мировой литературы Чингиза Айтматова: Знание и владение языками – путь к постижению мировой культуры, созданной на протяжении всего развития человечества. Трудно переоценить роль языка в истории народа. Язык – опора дружбы, язык – особый инструмент, способствующий сближению народов.

Праздничная дата была инициирована первым Президентом страны, Елбасы Нурсултаном Назарбаевым. Необходимость этого шага была обусловлена тем, что Казахстан – многонациональное государство. По официальным данным, исторически на территории нашей страны проживает более 100 национальностей. Все народы имеют возможность и неотъемлемое право говорить на своём родном языке, исповедовать свою религию, развивать традиции своей самобытной культуры. Поэтому важность существования такого праздника трудно переоценить.

Сегодня, когда в мире происходят негативные процессы, необходимо сохранять атмосферу взаимопонимания и почтительности. Чувство взаимоуважения

«БЕССМЕРТНОЕ НАРОДА - В ЕГО ЯЗЫКЕ»

представителей разных национальностей может существовать только в обществе, обладающем глубокими духовными ценностями. Именно язык является душой народа. Сегодня мы с гордостью можем сказать, что в нашем государстве создаются условия для того, чтобы все, кто проживает здесь, чувствовали Казахстан своей родиной. Свидетельством тому и многогранная работа, проводимая Ассамблеей народов Казахстана, созданная так же первым Президентом в 1990-м году.

Принципы государственной языковой политики определены в Конституции Республики Казахстан, в законах РК «Об образовании» и «О языках в РК». В «Государственной программе функционирования и развития языков на 2005-2010 гг. Статья 6 Закона о языках гласит: «Каждый гражданин РК имеет право на пользование родным языком, на свободный выбор языка общения, воспитания, обучения и творчества». На переднем плане реализации государственной политики в этой сфере находятся образовательные учреждения.

На кафедре языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования Казахского национального университета имени аль-Фараби проходят подготовку студенты из разных стран мира. Они приезжают к нам на учебу, преследуя различные цели, включая: продолжение обучения в вузах Казахстана, желание заниматься бизнесом в нашей

стране, использование полученных знаний для развития добрососедских отношений своих стран с нашей и др. Все слушатели, согласно учебной программе, должны изучить не только выбранный язык – казахский или русский. Для тех, кто изучает русский, обязательным является знакомство с казахским языком и наоборот. Также обучение предполагает изучение истории и культуры Казахстана. Необходимо отметить, что большинство слушателей с большим интересом относятся к процессу познания исторических и культурных реалий страны обучения.

Преподавателями факультета проводится большая воспитательная работа, направленная не только на то, чтобы студенты-иностранцы узнали о нашей стране. Кураторы-эдвайзеры стараются воспитывать в них уважительное отношение друг к другу. Так, на мероприятиях, посвящённых празднику Дня языков народа Казахстана, слушатели факультета не только узнают о нашей стране, но и с удовольствием сами рассказывают об истории, культуре и традициях своих народов. Уже стало доброй традицией отмечать этот праздник в течение недели. Программа праздника, посвящённого Дню языков народа Казахстана, включает проведение различных по форматам мероприятий. Это отдельные круглые столы на казахском и на русском языках для студентов различного уровня владения языком, просмотры тематических фильмов, презентации, подготовленные самими студентами

продвинутого уровня обучения под руководством преподавателей...

Идеей уважения к языку и культуре каждого народа пронизана вся воспитательная работа с иностранными студентами. В течение всего периода обучения слушатели демонстрируют не только знания, полученные в стенах университета, выступая на русском или казахском языках. Учащиеся с удовольствием наряжаются в свои национальные костюмы, поют песни, играют на национальных инструментах, знакомят с народными танцами. С особым воодушевлением студенты-иностранцы рассказывают об интересных фактах, связанных с их родной культурой и языком: китайским, корейским, японским, турецким... Каждый изучающий иностранный язык, даже не будучи специалистом-филологом, невольно обращает внимание на схожие реалии абсолютно разных языков. Наши студенты-иностранцы под руководством преподавателей-лингвистов систематизируют эти наблюдения и впоследствии публикуют их, участвуя в конференции «Фараби әлемі». Резюмируя всё вышесказанное, можно с уверенностью сказать, что по объективным причинам День языков народов Казахстана на факультете довузовского образования является одним из самых главных.

**А. АХМЕДОВА,
старший преподаватель;**

**А. САДЕНОВА,
заведующий кафедрой языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования**

ҚазҰУ-да ғалым, профессор Әбілфайыз Ыдырысовтың атындағы арнайы дәрісханасы ашылады

ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ КЕШЕГІ СТУДЕНТІ – БҮГІНГІ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯНЫҢ АКАДЕМИГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор – Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев 2020 жылдың маусым айының 21 күні өткен ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының кезекті сайлауында академик болып сайланды. Ғалымды осындай жетістігімен құттықтай отыра, оның ғылыми шығармашылығымен оқырмандарымызды таныстыра кетелік.



Ол 1985 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1990 жылы «тарихшы және қоғамтану пәндерінің оқытушысы» мамандығы бойынша үздік дипломмен аяқтайды. Жолдама бойынша ол жас маман ретінде өзі маманданған тарих факультетінің Қазақ ССР тарихы кафедрасына ассистент қызметіне қалдырылады. Содан бері ғылыми-педагогикалық жолда баспалдақтардан өтіп, бүгінде сол кафедраны басқарып отыр.

1998 жылы «Егеменді Қазақстан» газетінің тапсырыс беруімен Қазақ тарихындағы Керей хан, Жәнібек хан, Бұрындық хан, Қасым хан және т.б. жеке тарихи тұлғаларға байланысты сериялы жарияланымдар жарияланды. Сөйтіп 1998 жылдың аяғында «Егемен Қазақстан» газетінің лауреаты атанды. 2015 жылы «Кітап мәдениетін дамытуға қосқан зор үлесі үшін» алтын медалімен және «2015 жылғы ЖОО үздік оқытушысы» медалімен марапатталды. 2016 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. Сонымен бірге «Жалаңтөс батыр», «Бұхарбай батыр» және тағы басқа он шақты медалдарының иегері.

2017-2019 жж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы «тарих», «археология және этнология» және «түркология» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беретін ғылыми кеңестің төрағасы, ал 2018-2020 жж. Ұлттық Ғылыми Кеңестің мүшесі болды. Б.Б. Кәрібаев 50-ге жуық

Халықаралық және Республикалық ғылыми конференцияларға қатысып, онда XIII-XVIII ғғ. Қазақстан тарихының этникалық, саяси, мемлекеттік тарихы мәселелері, қазақ тарихындағы тұлғалар тарихы жөнінде баяндамалар жасады. Ғалым ағамыз тек Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеумен шектеліп қалған жоқ, оның зерттеу диапазоны ауқымды. Ол XIII ғасырдан – XVIII ғасырлар аралығын қамтитын, зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелермен айналысуда, атап айтсақ, Алтын Орда дәуіріндегі саяси, этникалық, жеке тұлғалар тарихы, XIV-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдар тарихы, Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюі тарихы, XV-XVIII ғғ. қазақ тарихының мәселелері, Қазақ этногенезі мен «қазақ» этнонимінің мәселелері, Қазақ тарихындағы тұлғалар тарихы, Қазақстан аумағындағы мемлекеттік тарихы және т.б.

Бұрынғы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың, қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің студенті Берекет Бақытжанұлы – бүгінгі ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. Ия, «қара шаңырақтың» кешегі студенті атанған Б.Б. Кәрібаев ғылымның осындай шыңына жетуде, талмай еңбек ету мен қажымайтын қайраттың арқасында жетті. Жас маман ретінде жәй ассистент қызметінен бастап, аға оқытушы, доцент, профессор секілді қызметтік сатылардан өтті. Ол ғылым жолында, үлкен дәрежеге

Б.Б. Кәрібаев жалпы саны 600-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік жұмыстар мен оқу, оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның ішінде жеке 10 монографиялық кітаптың, 40-тан аса авторлық ұжыммен жазылған кітаптардың, 4 тарихи анимациялық фильмнің сценарийінің авторы.

Бірден емес, біртіндеп ғылыми ізденістері мен зерттеулері нәтижесіндегі ғылыми еңбектерінің арқасында төменнен жоғарыға баспалдақпен көтерілгендей көтерілді.

Оның зерттеулері нәтижесінде дүниеге келген ғылыми мұрасы саналатын еңбектері қазақ тарихында құнды. Елуді еңсерген ел ағасы 2020 жылдың маусым айында өткен Ұлттық Академияның кезекті сайлауында ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі атанды. Академик ағамызды Қазақстан тарихы кафедрасының ұжымы құттықтай отырып, шығармашылық табыс, мықты денсаулық, отбасылық бақыт тілейді.

Г. ҚОЗҒАМБАЕВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әскери кафедрасында запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасына сәйкес шілде-тамыз айларында толық оқу курсынан өткен студенттермен оқу жиындары өткізілді. Коронавирус пандемиясына байланысты жиын онлайн режимде өткізілуде.

Биыл оқу жиынына ҚазҰУ-дың әскери кафедрасында келесі әскери-есептік мамандықтар бойынша оқитын студенттер тартылуда. Олар: құрлық ӘШҚК әскерлерінің офицерлері, мотоатқыштар бөлімшелерінің командирлері, тәрбие құрылымдарының офицерлері, әскери психологтар, әскери журналистер және денешынықтыру дайындығы мен спортты ұйымдастыру жөніндегі офицерлер. Елімізде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, әскери кафедра бастығы полковник О.В. Ажимов бекіткен «Қашықтықтан оқыту режимінде сабақтар өткізу туралы» нұсқаулыққа сәйкес сабақтар онлайн форматта өткізілді.

Карантин жеңілдеген соң, барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, тамыздың

КУРСАНТТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ОҚУ ЖИЫНЫ

екінші жартысында Құрлық әскерлері әскери институтының полигонында әскери кафедра курсанттары атыс қаруынан атысудың оқу-жаттығу шараларына қатысты. Құрлық әскерлерінің ӘШҚК әскерлері үшін запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша оқитын курсанттар «ЗУ-23» зениттік қондырғысынан жауынгерлік атыстарды орындады. Сондай-ақ осы кезеңде техникалық, саптық және арнайы дайындық бойынша тәжірибелік сабақтар өткізілді.

Онлайн форматтағы оқу жиындарында әскери-патриоттық және мәдени-демалыс іс-шараларының үлкен бағдарламасы ұйымдастырылды. Бұл әскери-техникалық викториналар, дебаттар мен турнирлер, тақырыптық кештер, психологиялық тренингтер. Барлық оқу взводтарымен бейнеконференция режимінде «Менің позициям!» атты пікірсайыс өтті. Сонымен қатар, әскери кафедра оқытушылары әскери тарих жайында онлайн әңгімелер, әскери-патриоттық бағыттағы кинофильмдер мен кітаптарды талқылады.



Әр оқу бөлімшесі онлайн форматтарда «Әскери іске үйренеміз!» атты жауынгерлік парақшалар, фотогазеттер, бейнероликтер шығарды.

Курсанттар әскери істің жақсы білімі мен дағдыларын көрсете отырып,

дайындықтың теориялық және тәжірибелік бөлігін сәтті игеріп қана қоймай, өздік дайындықта және кафедра өткізген іс-шараларда белсенділік танытты.

Әскери кафедра

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.